

*Елді мекендерді жоспарлау және салудың  
гигиеналық талаптар. Тұрғын үй  
гигиенасы*



*Орындаған: Жанатбекова Ж.  
Қабылдаған: Кенесарина М.И.  
Тобы: 05-1к*

*Жаңа елді мекен құрылысын салу немесе оны кеңейту үшін аймақты таңдау өте маңызды, өйткені, елді мекендерді жоспарлау шешімдері, қаладағы болашақта болатын микроклимат жағдайлары, жеткілікті ауа алмасуы, сумен қамтамасыз етілуі, эпидемиялық қауіпсіздігі, қалдықтарды қайта өңдеу мәселелерін шешуі осыған байланысты болып табылады.*



# *Қала құрылысының негізгі гигиеналық қағидалары*

- 1. Елді мекендердің құрылысы немесе қайта құруы кезінде тұрғындардың материалдық, рухани және гигиеналық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барлық мүмкіндіктерді жасау қажет.*
- 2. Қала мен ауыл арасындағы үлкен айырмашылықтарды жою мақсатында шаралар қолданылуы қажет.*
- 3. Жеке қалалардың, ауылдардың және поселкелердің ғана емес, сонымен бірге бүтіндей экономикалық аудандардың да жобалары жасалуы қажет, яғни табиғи факторларды (суаттарды, жер асты су көздерін, жасыл желектерді және т.б.) ең тиімді пайдалануға және елді мекендер мен өндіріс нысандарын дұрыс орналастыруға мүмкіндік беретін аудандық жоспарлау жұмыстары жүргізілуі қажет.*

*4. Өте үлкен және үлкен қалалардың өсуін, олардың жанынан 80000-100000 тұрғындары бар, серіктес қалалар салу арқылы шектеуі тиіс.*

*5. Қаланы кеңейту немесе жаңа құрылыс салу үшін, ол жерде тұруға салауатты өмір сүру жағдайларын барынша қамтамасыз ететін аймақтарды таңдап алу керек, сонымен бірге, бұл аймақтың функционалдық зоналарға бөлінуі жүргізілуі керек.*

*6. Тұрғын аймақта құрылыс салуда, оның ең қолайлы түріне – микроаудандарға ерекше назар аударылуы қажет.*

*7. Селителі аймақта тұрғындарға қызмет көрсететін тұрмыстық, мәдени, медициналық және дене шынықтыруға бағытталған мекемелердің дамыған жүйесі мен жасыл желектер отырғызу қарастырылуы керек.*

*8. Санитарлық абаттандырудың барлық түрлері, яғни су құбыры, канализация, қатты қалдықтарды жинау, жою және залалсыздандырудың бас сызбасы мен тиісті жабдықтар, орталық жылыту, газ және электрмен жабдықтау қарастырылуы қажет.*


*9. Көлік қозғалысы түрлерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыруда көліктердің қоғамдық түрлеріне, олардың ішінде көбінесе шуды аз шығарып, ауаны ластамайтын және қауіпсіз түрлеріне берілуі керек.*

*10. Елді мекендердің жобаларын жасау кезінде, атмосфералық ауа, суаттар мен топырақты санитарлық қорғау жөніндегі шаралар, сонымен қатар, шудың, сілкіністердің, радиожиіліктер диапазонындағы электромагниттік өрістердің және бірқатар басқа да факторлардың зиянды әсерлерінің алдын алуға бағытталған шаралар қарастырылуы қажет.*

## ***Қаланы жоспарлау және салу.***

***Қала келесі тұрғын , өндірістік, коммуналдық-қойма, сыртқы транспорт, тұрғындардың демалысына арналған қала шетіндегі орындар мен нысандар сияқты, негізгі функционалдық зоналарға бөлінеді. Қалада қолайлы гигиеналық жағдайларды жасау үшін функционалдық аймақтардың өзара тиімді орналасуы ең маңызды болып табылады.***






*1-селітебі аумақ; 2-өндірістік аумақ, 3-коммуналдық-қойма аумағы, 4-сыртқы транспорт аумағы, 5-жасыл желек аумағы, 6-санитарлық қорғаныш аумағы, 7-өзен ағысының бағыты, 8- негізгі желдердің бағыты.*

*Қаланың селитебті аумағы тұрғын аудандарды, қоғамдық орталықтарды (әкімшілік, ғылыми, білім беру, медициналық, т.б.) және жасыл желектерді орналастыруға арналады.*






**Селитебті аумақтың негізгі құрылымдық элементі ықшамаудан болып табылады. Ықшамаудан 6-20 мың адамға есептелген, оның құрамында тұрғын үй ғимараттары, күнделікті қолданылатын мекемелер (бөбекханалар, бала бақшалар, мектептер, спорт кешендері, азық түлік дүкендері, асханалар, кір жууға қабылдайтын орындар, т.б.), сол сияқты саябақтар, тұрғындардың күнделікті демалу үшін шағын бақтар болады. Оның ауданы 20-50 га құрайды. Ықшамаудандардың шекаралары магистральдар немесе тұрғын көшелер, көлік жүретін жолдар мен табиғи шекаралар болып табылады.**




**10000 тұрғынға арналған ықшамауданды жоспарлау.**

Қолайлы микроклимат жағдайлары мен инсоляция көбінесе, **құрылыс жүйесіне** - ғимараттардың аумақта орналасуына, олардың ұзындығына, пішініне және өзара орналасуына байланысты болады. Құрылыс жүйелерінің бірнеше түрлерін ажыратады: біртұтас, тұйық, қатарлы, периметральды, тізбектік және топтық



Ықшамаудандардың құрылыс жүйелері: а-периметральды, б-тізбектік, в-топтық.

**Жасыл желектер** - тұрғын аудандардың міндетті түрдегі құрамдас бөлігі болып табылады. Жасыл желектер қала микроклиматының адамға әсерін жеңілдетеді. Ағаштардың жапырағы күннің ыстық сәулелерінен қорғайды, ал шөптесін өсімдіктер қалың өскен топырақ, аз қызады (асфальттың температурасы  $50^{\circ}\text{C}$  жеткен кезде, газоны бар топырақтың температурасы  $20^{\circ}\text{C}$  аспайды). Жасыл желектер арасында ауаның температурасы 1-3 градусқа төмендеу болады. Көгалданған аумақ сол территориядағы ауа температурасын ғана емес, сонда орналасқан ғимараттардағы бөлме температурасын да төмендетеді.



**Коммуналдық-қойма** аумағы сауда қоймаларын, көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған қоймаларды, көліктерге қызмет көрсететін кәсіпорындарды (депо, автотұрақтар), тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерін (кір жуатын орындар, т.б.) орналастыруға арналған. Оны тұрғын ауданнан тысқары, көбінесе өндірістік мекемелердің санитарлық-қорғаныш аумағында орналастырады.





**Сыртқы транспорт** аумағында жсолаушылар және жүк тасымалдайтын темір жол бекеттері, порттар, кемежайлар, т. б. орналасырады. Тұрғын ауданды теміржол желісінен 100 метрлік санитарлық қорғаныш аумағы арқылы бөлуді ұсынады. Жаңа теңіз және өзен порттары тұрғын аудандар аумағынан тыс, 100 м кем емес қашықтықта орналасырылады. Әуежайлар үшін санитарлық қорғаныш аумағы олардың кластарына байланысты 5-30 км дейін болуы керек.

# *Тұрғын үй гигиенасы*



***Тұрғын үй гигиенасының негізгі міндеттері***, адамның тұрғын үйі ғимараттарында болуы кезінде салауатты және қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған тиісті гигиеналық нормативтер мен ұсыныстарды ғылыми тұрғыдан негіздеу мақсатында тұрғын үй жағдайының тұрғындардың денсаулығы мен тұрмысына тигізетін әсерін зерттеуден тұрады.





*Тұрғын үйдің адамның физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес келуі бірқатар жағдайларға, атап айтқанда:*

- елді мекендегі гигиеналық жағдайға, оның ішінде, құрылысты салу әдісіне және санитарлық тұрғыдан абаттандыру дәрежесіне;*
- тұрғын үй ғимараттарынан тұратын ықшам ауданның гигиеналық жағдайына;*
- тұрғын үй ғимаратының түріне, қолданылған құрылыс материалдарына, ғимарат бөліктерінің құрылысына;*
- пәтердің ішкі жоспарлануына, бөлмелердің құрамы мен олардың өлшемдеріне;*
- бөлмелерге күн сәулесінің түсуі мен жарықтануына;*
- микроклиматтық жағдайлар мен жылытуға;*
- ауаның тазалығы мен желдетілуіне;*
- үйдің санитарлық жағдайына байланысты болады.*

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қанаева З. Қ. Экологиялық нормалау мен сараптама негіздері

*Назар қойып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет!*

